

Ротавирустық вакцина

Балалардағы гастроэнтериттің көп мөлшері ротавирустан туындайтынын білесіз бе?

Ротавирус жыл сайын әлемде шамамен 400 000 баланы өлтіретінін білесіз бе?

(гастроэнтеритке байланысты дегидратацияға байланысты). Әрине, бізде өлім-жітім

Африкадағыдан әлдеқайда төмен, қалай дегенмен, сусызданған және мүшкіл жағдайдағы баламен ауруханаға түсу қиын.

Бір жасқа дейінгі баланың дегидратациядан (сусыздану) өлу қаупі бронхит, отит, пиелонефрит және тіпті пневмониядан өлу қаупінен әлдеқайда жоғары екенін білесіз бе?

Жақсы жаңалық - ротавирусқа қарсы вакцина ойлап табылды. Енді оны ІМС-де алуға болады.

Вакцина Үндістанда жасалған, қазіргі таңда тиімді әрі қауіпсіз вакцина ретінде танымал.

(Үндістан мұндай вакциналарды жасау және сынау жағынан алдыңғы қатардағы ел). Бұл тірі, әлсіреген вирус, тамшы түрінде ауызға тамызылады.

Назар аударыңыз!

Вакцина тек 6 аптадан 12 айға дейінгі нәрестелерге арналған.

Вакцина 3 дозадан тұрады, 1 ай интервалмен 2 мл сұйықтық баланың аузына тамызылады.

Вакцина алуға болмайтын жағдайлар:

Бұрын вакцинаға аллергия болған жағдайда

Бұрын баланың ішек инвагинациясы болса

Ауыр аралас иммун тапшылығы синдромы болған жағдайда

Вакцинациядан кейінгі ең көп таралған кері әсер - дене температурасының жоғарылауы, іш өтуі, кей жағдайда баланың құсуы жиілеуі мүмкін.